

Тақырыбы: Ғаламдық экологиялық проблемалар.

Орындаған: Абдуллаев Серікхан

Әлемнің экологиялық проблемалар

Жиырмамыншы ғасырдың ортасынан бастап ғылым мен техниканың жедел дамуына байланысты, яғни ауыл шаруашылығын химикаттау, көліктердің көбеюі, өндіріс орындарымен фабрикалардың экологиялық нормаларды сақтамай жұмыс істеулерінің салдарынан қоршаған ортаның адам баласына, жалпы тірі организмдерге жағымсыз әсерлері арта бастады.

Ауыр өндірістер жұмыс істеген кезде
бөлініп шығатын жоғарғы
токсикалық қоспалар,
радиостанциялар мен телеорталықтарда
қолданылатын
электромагниттік өрістер, ортаны
ластайтын жаңа биологиялық
агенттер адамзаттың денсаулығына
өте қауіпті, бұрын белгісіз
болған жаңа факторларды туғыза бастады.

Осы аталған проблемаларды шешу үшін, мамандардың даярлануы қажет

.Жоғарғы оқу орындарында мұнай газ, табиғатты үйлестіру, химия, биология, қоршаған ортаны қорғау т.с.с. мамандықтар бойынша мамандар даярлануда.

Физика пәнінен осы мамандықтардағы білімгерлерге дәріс берген кезде, оның бөлімдеріне сәйкес экологиялық проблемаларға көңіл бөлінуі қажет. Болашақ мамандар ауада, сауда топырақты өсетін тамақ азықтарында жиі кездесетін заттардың концентрацияларының нормативтерін жақсы білулері керек. Егер жоғарыда келтірілген заттардың құрамында кездесетін агенттердің концентрациясы № 1 және № 2 кестелерде көрсетілген шектерден артатын болса, қоршаған ортаның физикалық, химиялық және биологиялық факторлары (1) адам баласының денсаулығына зиянды әсер етеді.

Химиялық өндіріс орындары қоршаған ортаны ластаудың қуатты көзі болып табылады. Мысалы 1950 жылы бүкіл әлемде шығарылатын органикалық заттардың мөлшері 7 миллион тонна болса, 1970жылы 63 миллион тонна, ал 1985 жылы 250 миллион тоннаға жетті.

Атмосфераның ластануына байланысты әлемнің әртүрлі елдерінде рак аурулары, бала түсіктері, ісік аурулары көбейіп кетті.

Заттардағы агенттердің концентрациясы



Концентрация мг/м3	Топырақта	Өсетін тамақ азығында		
		Дақылдар	Нан	Жемістер
Заттар		Дақылдар	Нан	Жемістер
Сынап	2,1	0,03	0,02	0,05
Мышьяк	2,0	0,2	0,2	0,2
Қорғасын	32,0	0,3	0,3	0,3
Сурьма	4,5	0,1	0,1	0,3
Мыс	3,0	10	10	5
Мырыш	23	50	50	10
Никель	4	0,5	0,5	0,5
Хром	6	0,2	0,2	0,2

Қоқыс пен қалдық судан халықты кім құтқарады?

Дәл қазір облыс аумағында 41 миллион тонна тұрмыстық және өндірістік қалдықтар жиналып қалыпты. Оны қайта өңдеуден өткізуге, белгілі бір уақыттан соң жер астына көмуге ешкім назар аударып жатқан жоқ. Соның салдарынан жаңағы қараусыз қалған қатты қалдықтар күн өткен сайын көбейіп келеді.

Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес, облыстағы жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтармен жұмыс жүргізген кезде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Алайда бұл орындалмайтын болды.

Қалдықтар қараусыздықтан да бүлініп, айналаға орны толмас зиян келтіруде. Қалдықтарды қайта өңдеу және уақытында жою жағдайына келсек, жаға ұстайтындай.

Мәселен, 2006-2007 жылдары жыл сайын барлық қалдықтардың 3 пайызы ғана кәдеге жаратылса немесе жойылса,

биылғысы бұған да жетпейтін сыңайлы.

Барлығымыз білетіндей, Жетісудың өзендерінде шағын су электр стансаларын салуға қатысты аса ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Осыған байланысты тапсырма Елбасының аузынан шығысымен "уралап" ала жөнелген әкімдер стансаларды салуда табиғат ерекшелігін, өзен бойын мекен еткен ауылдар жағдайын, стансалардың экономикалық тиімділігі немесе тиімсіздігін зерттеместен, бұлақтар бастау алатын тау шатқалдары мен аңғарларын бүлдіруге кірісіп те кетіпті.

Сонымен бірге Сорбұлақ қалдық сулар қоймасының жағалауында шаруа қожалықтары саңырауқұлақша қаптап, мал мен бақша өсіруге кіріскен. Тіпті балық аулаушы бригадалар да жасырынуды қойыпты.

Қожалықтар өндірген өнімдер мен ауланған балықтың зиянды немесе зиянсыздығын тексеріп жатқан ешкім жоқ.

Осының барлығын көрген шетелдік кәсіпкерлер де ойларына келгенін істеп жатқан сыңайлы.

"Шетелдік бизнесмен келіп, өзіне қыруар табыс әкеліп отырған кәсіпорыннан шыққан қалдық суды ешқандай тазартусыз өзенге ағызуға рұқсат сұрап, маған дейінгілердің барлығы рұқсат еткен дайын құжатқа қол қоюымды өтінді. Мен оған өзеннің төменгі

сағасындағы бірнеше ауылдың тұрғындары суды осы өзеннен ішіп отырғанын айтқанымда, ол "қазақтарға бәрібір екенін күнде көріп жүрміз ғой, барлығынішіп-жеп жатырсыңдар.

Қол қоймасаңыз, лауазымыңызбен қоштасуыңыз мүмкін" деп өзімді мазақтады.

